

**"Қазақстан Республикасының елордасы - Астана қаласында "Есіл" ауданын құру туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 5 тамыздағы N 737 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының елордасы - Астана қаласында "Есіл" ауданын құру туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*

**Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы**

**Қазақстан Республикасының елордасы - Астана қаласында "Есіл" ауданын құру туралы**

"Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңының 5-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ Е Т Е М І Н :**

1. Қазақстан Республикасының елордасы - Астана қаласында әкімшілік-аумақтық бірлік - "Есіл" ауданы құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының елордасы - Астана қаласының "Алматы" және "Сарыарқа" аудандарының жалпы ауданы 31,2 мың гектар жер бөлігін қосумен "Есіл" ауданының әкімшілік шекарасы белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын өзге де ш а р л а р д ы қ а б ы л д а с ы н .

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Президенті* *Н. Назарбаев*